

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

Хаттама №1

Ақтөбе қаласы.

«10» қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар: - 10 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1.Қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы атқарылған жұмыстардың қорытындысы

2.Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылау,бекіту.

3.АӘК алушылар мектепке дейінгі ұйымдардағы жекеленген санаттағы тәрбиеленушілерге тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің төрайымы Суликова Д. Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы ҚР Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355,-Ақтөбе қаласы білім бөлімінің, қамқоршылық кеңесінің жалпы ережесін басшылыққа ала отырып, балабақшада «қамқоршылық кеңесі» құрылып жұмыс жасай бастады. Қамқоршылық жұмыс мақсаты- жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау, материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмектесу, іс-шараларды бірлесіп атқаруға ата-аналар қауымын тарту, балабақша мен отбасы ынтымақтастығын ұйымдастыруға ықпал жасау болып табылады.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

1) Қамқоршылық кеңес мүшесі сөз сөйледі – Сәбит Г., жыл бойы бірлесе отырып біршама шаруаларды атқардық. Ойын алаңдарын қардан тазалауға, көктем айларында ауланы көгалдандыруға, ойын алаңдарын сырлау жұмыстарына ат салысты. Түрлі мерекелік іс-шараларда барынша кейіпкер рөлдерін сомдап, балаларға азды-көпті сыйлықтар жасап риза қылдық. Әрине балабақшаға көмек көрсету негізінде ата-аналармен бірлесе отырып, әлі де талай жұмыстар атқаратынымыз сөзсіз

2) Қамқоршылық кеңес мүшесі – Құдайбергенова С., «Қамқоршылық кеңесінің» 2024 жылға құрылған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жоспар барысында әрбір бөліміне тоқталып, жоспарланған жұмыстардың мақсаты қарастырылып, жауапты адамдарға жүктелді. Отырысқа қатысушылар айтылған ұсыныстарды бір ауыздан қолдады.

3) АӘК алушылар мектепке дейінгі ұйымдардағы жекеленген санаттағы тәрбиеленушілерге тамақтандыруды ұйымдастыру туралы. Атаулы әлеуметтік көмек көрсетілетін балаларға мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтандыру үшін төлемдерді мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу және оқыту кезеңінде білім

беру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппей жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдардың өтінімдері негізінде қарайды. Тамақтануға арналған шығыстардың 100%-ы жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджет есебінен өтеледі.

Отырыстың шешімі: -

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК «Қамқоршылық кеңесінің» 2023 жылы жүргізілген жұмыс жоспары «қанағаттанарлық» деп қабылдансын.

Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналып құрылған №35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес отырысының төрайымы: Суликова Д.

Мүшелері: Сәбит Г.

Кудайбергенова С.

Муханова Н.

Жүргенбаева Г.

Санимова А.

Тасанова Г.

Хатшы Нургалиева Ж.